



Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в [Instagram](https://www.instagram.com/sarangazeti) sarangazeti, [Facebook](https://www.facebook.com/sarangazeti) sarangazeti

ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ: «МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР ҮШІН ҚАЛАЛЫҚ ОРТАНЫ ҚОЛЖЕТИМДІ ЕТУ ҚАЖЕТ»



gov.kz

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық әлеуметтік маңызды нысандардың мүгедектігі бар адамдарға қаншалықты қолжетімді екенін тексеруді тапсырды. Мемлекеттік мекемелер бойынша жұмыс жүргізілуде. Мораторийге қарамастан, жеке нысандар да өтініш бойынша тексерілуге жатады.

Бүгінгі таңда облыста 55 мыңнан астам мүгедек адам тұрады, оның ішінде 4864 бала. Мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелері жөніндегі кезекті кеңесте білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, қалалық ортаның қолжетімділігі салаларындағы ең өзекті мәселелер талқыланды.

– Тен Qoғam ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығында өткен соңғы кездесуге сүйене отырып, 24 сұрақ анықталды. Олардың ішінде оңалту құралдарын пайдалану мерзімдерін қысқарту, зейнеткерлік жастағы мүгедектерді ноутбуктермен, оқу машиналарымен, телефондармен қамтамасыз ету. Осы және басқа да көптеген мәселелерді шешу үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу қажет. Біз сұрақтарды Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне жолдадық, – деді Әсем Жүніспекова, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.

Тен Qoғam орталығының филиалдарын облы-

стың басқа қалаларында ашу жоспарда бар. Бүгінде бұл алаң өзін билік өкілдерінің мүгедек адамдармен сындарлы диалогы үшін қолданыстағы тиімді құрылымдардың бірі ретінде көрсетті.

Облыс әкімі қоғамдық орындардың қолжетімділігі туралы мәселені көтерді.

– Қоғамдық орындар – білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт мекемелері, сауда орталықтары – мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді болуы қажет. Мемлекеттік және жеке ұйымдардың тізімдерін жасаңыздар және «бұрын – қазір» қалай болғаны жайлы фото есепті талап етіңіздер! Әкімдерге бұл жұмысты айына бір рет жүргізуді ұсынамын. Сонда ғана нәтиже болады, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, өңір басшысы саябақтарда өтетін қалалық мерекелерге мүгедек балалар мен ересектерді жұмылдыруға тапсырма берді. Ис-шараларды мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді және қызықты болатындай етіп ұйымдастыруды тапсырды.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

МҮГЕДЕКТЕР МӘСЕЛЕСІ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Суретті түсірген Камила ОСПАНОВА

Үстіміздегі жылдың 11 шілдесінде Саран қаласы әкімінің міндетін атқарушы Алмас Сүлейменовтың төрағалығымен Саран қаласы әкімдігі жанындағы мүгедектігі бар адамдар істері жөніндегі кеңестің кезектен тыс отырысы өтті.



Бүгінгі таңда Саран шаһарында 1600-ге жуық мүгедектігі бар жандар тұрып жатса, оның 165-сі 18 жасқа дейінгі балалар болып табылады. Осы аталған мүгедектігі бар жандарды оңалту құралдарымен қамтамасыз етуге жыл сайын 300 млн. теңгеден астам қаражат бөлінеді екен. Ал мүгедектігі бар жандарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін бейімдеу бойынша жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Атап айтқанда, Саран қаласы аумағындағы халық көп баратын 43 нысан осындай жандарға арнап бейімделсе керек-ті. Сонымен қоса, 25 арнайы жол белгілері мен 11 жаяу жүргіншілер өткелінде дыбыстық құрылғылары бар бағдаршамдар орнатылса, 11 автобус мүгедек адамдарды тасымалдау үшін арнайы құрылғылармен жабдықталған екен.

Бұл турасында қала әкімінің міндетін атқарушы Алмас Рымқұлұлы аталған кеңестің отырысы барысында баяндады.

«2014 жылдан бастап медициналық көрсеткіштер бойынша мүгедектігі бар жандарға арнап «Инватокси» қызметтері іске қосылған болатын.

Сонымен қатар, Горняк шағынауданында, Жамбыл көшесінде, Победа көшесінде, қалалық стадион аумағында, жұмыспен қамту бөлімінің аумағында спорттық тренажерлер орнатылды.

Бұған қоса жыл сайын мүгедектігі бар адамдарға 10 мың теңгеден біржолғы материалдық көмек төленіп тұрады. Және тағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамдарға ай сайын бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі жәрдемақы, ал мүгедектігі бар балаларды оқытуға арнайы екі айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі жәрдемақы төленіп тұрады.

Менің жеке қабылдауымда мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар маған бірқатар

маңызды мәселелер бойынша жүгінген болатын. Сол себепті де, біз бүгінгі кезектен тыс отырысты осы және өзге де өзекті мәселелерді талқыға салып, пысықтап алу мақсатында ұйымдастырып отырған жайымыз бар», – деді жиын барысында Алмас Сүлейменов.

Күн тәртібінде мүгедектігі бар адамдарды медициналық оңалту туралы Саран қалалық орталық ауруханасының, білім беру қызметтерін ұсыну туралы қалалық білім бөлімінің, мәдени-демалыс қызметтерін ұсыну туралы мәдениет үйінің, «БЖМОРМ» КММ-де мүгедектігі бар адамдармен жұмыс туралы аталған спорт мектебінің, азаматтардың жеңілдетілген санаттарына, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарға тегін жол жүруді ұсыну туралы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің, мүгедектігі бар адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу сомасын ұлғайту және балаларды қорғау күніне мүгедектігі бар балаларға қосымша көмек көрсету және тағы да басқа да мәселелер бойынша қалалық қаржы бөлімінің бірінші басшылары мен орынбасарларының баяндамалары тыңдалды.

Алмас Рымқұлұлы аталған мәселелер бойынша сала басшыларының есебін тыңдап және мүгедек балалары бар ата-аналардың өтініштері мен ұсыныс-пікірлерін саралап, тиісті органдарға жоғарыда аталған мәселелерді қаперге алып, сәйкесінше оларды орындау бойынша бірқатар тапсырмалар жүктеді.


Айта кетейік, Саран қаласы әкімінің міндетін атқарушы Алмас Сүлейменовтың төрағалығымен өткен Саран қаласы әкімдігі жанындағы мүгедектігі бар адамдар істері жөніндегі кеңестің кезектен тыс отырысына мүгедек балалардың ата-аналары, үйлестіру кеңесінің мүшелері, бірқатар мемлекеттік органдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІНДЕГІ МЕДИАЦИЯ

Г. ОМАРОВА,

Саран қалалық сотының судьясы

Медиация – белгілі бір механизм емес, ол дауларды шешудің баламалы, әрі ең қолайлы тәсілі ретінде танылады. Медиатор дауласушы жақтарға ортақ шешімге келудің жолын көрсетеді, ал медиатор шешім қабылдауға араласпайтын бейтарап жақ болып танылады. Медиацияның ең басты ерекшеліктеріне еріктілік, рәсімнің құпиялылығы, қысқа мерзімде келісімге келу, келіссөздер жүргізу арқылы ортақ мызғымас шешім қабылдау, медиация тараптарының тең құқылығы жатады.



Қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуге медиация институтының негізінде делдал енгізу жақтардың татуласу институтының құқықтық дамуына жаңа қарқын береді. Жалпы медиация институтын сот төрелігін іске асыру жұмысына енгізу соттың дауласушы екі жақты татуластыруға ниет білдіруін шеттетеді. Елімізде тараптарды медиатордың көмегімен татуластыру институтын енгізу

талапкер, жауапкер, айыпталушы мен жәбірленуші тараптарға қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарын сақтаудың қосымша кепілін береді.

Медиация көп елдерде қолданылғанымен ол ұлттық қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесімен ерекшеленеді. Шетелдік тәжірибелер қылмыстық процесте медиацияны қолдану қарапайымдылығы және икемділігімен тиімді екенін

көрсетті. Бірқатар елдерде медиация рәсімі міндетті болып келеді. Мысалы, Италия республикасының «Азаматтық және сауда істеріндегі медиация туралы» заңнамалы деректерінде медиация міндетті түрде жүргізілетін рәсімдердің бірі болып саналады. Ұқсас тәжірибе салыққа қатысты дауларды сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі көзделген Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Австралия, Канада, Словения еуропа елдерінде бар. Грузия елінің азаматтық процестік кодексіне «Соттық медиация» арнайы тарауы 2011 жылы енгізілді. Ол елде медиация тәртібімен қаралатын арыздар дауласушы жақтардың келісімімен медиаторға жолданылуы мүмкін. Ол туралы сот ұйғарым шығарады және ол шағымдануға жатпайды. Дауды қарау үшін медиаторға жолданғаннан кейін іс жүргізу уақытша тоқтатылып, бір шешім қабылданғаннан кейін істі қарау жалғастырылады.

Ал біздің елде Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданды. Азаматтық-құқықтық қатынас шеңберінде даулы мәселелердің мазмұнына қарай медиацияның қолданылуы жиі кездеседі. Заң шеңберінде жеке және (немесе) занды тұлғалар қатысатын

азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Соңғы жылдары қылмыстық-процестік құқық сараланып, заман талабына сай Азаматтық процестік, қылмыстық процестік және өзге де заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдануды қылмыстық заңнамамен реттеу мәселесіне келсек, қылмыстық құқықтағы медиация медиаторлармен қолданылатын арнайы әдістер жиынтығын реттейді.

Қылмыстық кодекстің 68-бапта татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату бөлігі бекітілді. Қылмыстық кодекстің 68-бабына сай онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласса қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиацияны қолданудың ережелері адам өлімімен, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Сот міндетіне тек заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіру кіреді, сот ешкімді мәжбүрлеп, жүктемейді. Ал медиатор сот төрелігін

іске асырумен байланысты емес бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады. Сондай-ақ қылмыстық процестік кодекстің 85-бабымен медиатор процессуалды тұлғаның өкілеттігі бекітілді.

Сондай-ақ, қоғам аясында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған қолданыстағы заң шеңберінде медиация институтының қылмыстық сот ісін жүргізу процесінде айтарлықтай белсенділік танытпайтындығын баса айтқан жөн. Оны қоғамның медиация институтының тиімділігі және медиацияны қолдану тәртібі жайлы ақпараттан жеткіліксіз түрде хабардар екендігімен байланыстыруға болады. Бұл бағытта қылмыстық істерді қарайтын соттар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғам назарына сот жүйесіндегі соңғы реформалар туралы ақпараттарды ұсынып отырады.

Медиацияны толық қолдану сот қызметінің жұмысын оңтайландырып, жұмыс жүктемесін анағұрлым азайтуға қолайлы мүмкіндік туғызады. Медиация рәсімін енгізу мен қолдану айтып келгенде қоғамдық қарым-қатынастың мәдениетін арттырады.

Медиация институтын азаматтық сот ісін жүргізумен қатар, қылмыстық істерді қарау барысында қолдану Қазақстанда медиацияның дамуына, әрі бірегей құқық қолдану практикасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

ОТЧЕТ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА ЗА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2023 ГОДА

Согласно подпунктов 3, 4 пункта 2 статьи 7 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах» от 2 ноября 2015 года № 383-V, Общественный совет города Сарани представляет отчет за первое полугодие 2023 года.

Общественный совет является консультативно-совещательным, наблюдательным органом.

Целью деятельности Общественного совета является выражение мнения гражданского общества по общественно значимым вопросам.

Задачами Общественных советов являются:

- 1) представление интересов гражданского общества и учет мнения общественности при обсуждении и принятии решений на республиканском и местном уровнях;
- 2) развитие взаимодействия центральных исполнительных органов и органов местного государственного управления с гражданским обществом;
- 3) организация общественного контроля и обеспечение прозрачности деятельности органов местного

государственного управления и самоуправления.

В составе Общественного совета города Сарани 13 человек, представители различных профессий и сфер деятельности: предприниматели, журналист, общественные деятели, представители неправительственных организаций, гражданского общества. Уровень знаний и опыта членов совета позволяет ставить перед ними сложные вопросы.

За период январь-июль 2023 года рассмотрены 13 нормативных правовых актов, затрагивающих сферу социально-экономического развития города, права и свободы человека. Рассмотрен вопрос о предоставлении государственных услуг государственным учреждением «Архив города Сарани», отчеты по исполнению бюджетов города Сарани и поселка Актас за 2022 год, отчет-заклучение Ревизионной комиссии по Карагандинской области об исполнении бюджета города Сарани, деятельность отдела полиции города Сарани. В январе месяце было создано

экстренное заседание Общественного совета по вопросу санитарной очистки города в зимний период. Членами совета рассматривались Закон Республики Казахстан «Об ответственном обращении с животными», вопросы о кадровом составе КГП «Центральная больница г. Сарани», о ходе реализации бюджетных программ «Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог районного значения и улиц населенных пунктов», «Развитие транспортной инфраструктуры» в городе Сарани и поселке Актас на 2023 год, о проводимых мероприятиях в рамках охраны учреждений образования, о предварительных итогах проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, заслушивали информацию о ходе строительства Центрального теплоисточника по поэтапному запуску многоэтажных домов к ЦТ, заслушали отчет о прохождении отопительного сезона 2022-2023 годов и утверждение мерпоприятий по подготовке к отопительному сезону 2023-2024 годов.

Члены Общественного совета

приглашаются на совместные заседания маслихата, где обсуждаются вопросы повестки дня маслихата.

Общественным советом города Сарани ведется мониторинг по реализации программы развития города, исполнения рекомендаций общественного совета. Члены совета участвуют в работе земельной комиссии, в работе конкурсной комиссии по государственному закупкам, принимают участие в комиссии городского отдела образования по контролю ремонта учреждений образования.

Совет освещает свою работу через местную газету «Саран газеті».

Общественный совет рассматривает обращения физических и юридических лиц по общественно значимым вопросам. Жители нашего города могут адресовать совету вопросы по благоустройству, санитарной очистке города, земельным отношениям, вопросы, касающиеся социальной поддержки.

К. ОМАРОВ,
председатель
общественного совета

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



АНА ТІЛІМІЗ – ЕЛІМІЗДІҢ ӨТКЕНІ МЕН БОЛАШАҒЫНЫҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ

Ж. Джумашева,
Саран қаласы ПБ

**«Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді...»
Ғ.Мүсірепов**



Тіл – қарым – қатынас құралы ғана емес, мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық міндеті – өз халқын, өзінің атамекенін сүюімен, өз ана тілін ардақтай білуімен өлшенбек.

«Қазақтың болашағы – қазақ тілінде» дегендей, Тәуелсіз Қазақстанның болашағы қазақ жастары, болашақ ұрпақ. Біздің және болашақ ұрпақтың басты міндеттері қазақ тілінің мәртебесін арттыру. Еліміздегі тіл мәселесінің оңтайлы шешілуі мектепке дейінгі мекемелер, жалпы орта білім беретін мектептердегі және жоғары оқу орындардағы білім беру жүйесіне де тікелей байланысты. Бүгінгі таңда болашақ ұрпақтың ана тілінде еркін сөйлей алатын, ана тілін

қадірлейтін, ана тілінің тағдырына бейжай қарамайтын сауатты, білімді ұрпақ болып тәрбиеленуде.

Мемлекеттік тілдің бүгінгі мен болашағы күнгірт, бұлыңғыр болмауы тиіс. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ескере отырып, ана тілін ақсатпаудың жолдарын қарастырып, көптеген іс – шаралар өткізуіміз қажет. Ол үшін жоғарыдан заңдарымыз мемлекеттік тілде жазылып, әрі қарай салт – дәстүріміз сақталып, тіліміздің беделін көтеруге қатысты жұмыстар жүргізілуі керек. Бұл ұлт ретінде тілімізді сақтаудың ең басты шарттарының бірі болар еді.

«Өзіңді өзің силасан, жат жаныңнан түңілер», демекші өзіміз мемлекеттік тілді, яғни ана тілімізді құрметтеп сыйлайтын болсақ, өзге ел именіп жүрері сөзсіз. Сондықтан да мың жылдық тарихы бар қазақ елінің тілі жойылуы мүмкін емес. Оны сақтап, тек қана атадан балаға мәңгі аманат етіп қалдыратын болашақ ұрпақ!

АКТУАЛЬНО

СОТРУДНИКИ ОЧС ПРОВЕЛИ РЕЙДЫ



ОЧС г. Сарани

В целях предупреждения населения и предотвращения ЧС в воде, а также нарушений отдыхающими правил в общественных местах с 08.07.2023 г. по 09.07.2023 г. сотрудниками Отдела по ЧС г. Сарани совместно с ГУ «ОМПС ОП г. Сарани», ГУ «Отдела образования г. Сарани» и ГУ «Отдела ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ г. Сарани» проведены профилактические рейды по водоемам г. Сарани. Оперативной группой пройдены все запрещенные места для купания, проинструктировано 89 человек, с выдачей рекомендации в виде памяток.



Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сарани напоминает:
- находясь у водоема, обязательно соблюдайте правила безопасности;

- не купайтесь в запрещенных и незнакомых местах;
- не заходите в водоём в состоянии алкогольного и наркотического опьянения;



- не прыгайте в воду с утёсов;
- если вы не умеете плавать, не заходите в воду выше пояса;
- не доверяйте свою жизнь надувным матрасам и другим не приспособленным для плавания предметам;
- не оставляйте купающихся детей без присмотра;
- помните, что детям младше 14 лет запрещается находиться возле водоемов без сопровождения взрослых.

В местах массового пребывания людей по Мобильно комплексном оповещении озвучены меры безопасности в пожароопасный период, проинструктировано 213 человек, с выдачей рекомендации в виде памяток.

Уважаемые граждане во избежание пожара:

- не сжигайте сухую траву и мусор на территории жилого дома и дачного участка на расстоянии менее 50 м от зданий и сооружений;

- в условиях устойчивой сухой, жаркой и ветреной погоды не допускается разведение костров, а также проведение пожароопасных работ;

- не бросайте не потушенные сигареты и спички;

- не пользуйтесь мангалом и другими приспособлениями для приготовления пищи в местах сухой растительности и под кронами деревьев.

Берегите себя и окружающую среду!

«ЖАҢА КІТАПТАР – 2023»

А.Баймұқанова,

«Саран қаласының орталықтардырылған кітапхана жүйесі» КММ қорладры тізімдеу және қалыптастыру бөлімінің жетекшісі

«Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге.»

Абай Құнанбайұлы



Құрметті кітап сүйер қауым! Сіздерді «Саран қаласының орталықтардырылған кітапхана жүйесі» КММ оқырмандардың сұраныстары бойынша бюджеттік қаржыландыру аясында сатып алынған түрлі саладағы жаңа кітаптарды оқуға шақырамыз!

2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіқұлының шығармаларын оқу ұсынылды. Акция аясында Т.Әбдіқұлының «Оң қол», «Өлі ара» атты кітаптары сатып алынды.

Қаламыздың кішкентай тұрғындарына арналған балалардың ой-өрісін дамытатын түрлі-түсті суреттермен безендірілген кітаптар, балаларды адамгершілікке, Отан сүйгіштікке, еңбекқорлыққа баулитын Қазақстандық баспалардың кітаптары: «Дарынды бала әлемі. Әлем халық ертегілері» 1-5 том, «Дарынды бала әлемі. Әлем халық ертегілері қазақ тілінде + аудио ертегілері бар желісіз шағын колонка», «Қыз Жібек», Б.Әлімжанов «Әліппе-өлең», Т.Жексенбай «Әліппе әңгімелері», «Жерде динозаврлар заманы қашан болды?», «Энциклопедия для мальчиков», «Лучшая иллюстрированная энциклопедия для девочек», «Динозавры», Дагган Джерри «Дэдпул: величайший комикс в мире!» 5 томдық, А.Гарibaldi «Все-все-все о природе», және т.б.

Қазақ әдебиетінің классиктері: Ә.Кекілбайұлы «Құсқанаты», М. Жұмабаев «Батыр Баян», І.Есенберлин «Ғашықтар», «Алтын Орда», Ж.Жабаев «Халық - менің шын атым», Ж.Аймауытов «Ақбілек», Шәкәрім «Қазақ айнасы» және т.б.

Қазақ тіліне аударылған орыс әдебиеттерінің классиктері: Ф.Достоевский «Бишаралар», Н.Гоголь «Петербург повестері», М.Булгаков «Майталман шебер мен Маргарита», «Ит жүрегі», «Ақ гвардия», А.Бек «Волоколамск тас жолы» және т.б.

Қазақ тіліне аударылған шетел әдебиеттері: Р.Брэдбери «Фаренгейт бойынша 451 градус», Гүнтекин Решат Нури

«Үзілген жапырақтар», Ч.Диккенс «Оливер Твисттің басынан кешкендері», О.Бальзак «Үзілген үміттер (бірінші кітап), Үзілген үміттер (екінші кітап)», «Шегірен былғары», «Жергілікті дәрігер» және т.б.

«100 Qazaqsha Bestsellers» жобасы бойынша алынған кітаптар: Карнеги Дейл «Алаңсыз өмір сүру құпиялары», Д.Синсеро «Сен мықтысың өзіне күмәнданба, шалқып өмір сүр», Д.Синсеро «Сен табыскерсің

ойынды өзгерт, ақша тап», Г. Чэпмэн «Махабаттың бес тілі», В.Франкл «Өмірден мән іздеген жан» және т.б.

Салалық әдебиет бойынша: А.А.Жылқыбаев «Электротехника және электроника негіздері», С.А.Карякин «Шахматы. Задачи по тактике: более 500 задач», Д.Карпачев «Как дать ребенку все без денег и связей», А.Бисенбаев «Мифы древних тюрков», А.Никонов «Доктор, который научился лечить все» және т.б.

Психология бойынша: Д.Кехо Карнеги Дейл «Подсознание может все!», Общайся так, чтобы тебя слышали, слушали и слушались! А.Просекин «10 принципов жизни. Алмазная мудрость на каждый день», Е.Михайлова «Раскрой себя. Методы практической психологии» және т.б.

Көркем әдебиет бойынша: К.Дәулеткерей «Терісбұрау», Ж.Ауғанбайқызы «Ақ орамал», А.Сүлейменов «Бесатар», М.Аймбетов «Бопай ханым», Д.Донцова «Мокрое дело водяного», «Змеиний гаджет», «Завещание рождественской утки», «Девочка Красная Тапочка», Т.Алюшина «Созданы друг для друга», «Вынужденное знакомство», «Белоснежный роман», Ч.Абдуллаев «Триумф карьериста» және т.б.

«Саран қаласының орталықтардырылған кітапхана жүйесі» КММ жаңа әдебиеттермен таныстыру және кітап пен оқуды ілгерілету мақсатында келесі іс-шаралар өткізді: «Жаңа кітаптар – жаңа білімдер» ақпараттық-шолу, «Жаңа кітаптар ұсынады» кітаптар көрмесі, «Оқуға шақырамыз» жаңа әдебиеттер сағаты, «Кітап әлемінде жаңа әдебиеттер» кітапханалық презентация, «Жаңа кітаптар. Дарынды бала әлемі» буктрейлер, «Жаңа кітаптармен танысыңыздар» библиофреш.

Жаңа кітаптар туралы ақпаратты cbs-saran.gov.kz/ru/ сайтынан және Instagram @sarankitaphana біле аласыздар.

Кітапхана қорына түскен бұл әдебиеттердің арасынан әр бір оқырман өзіне тиісті кітаптарын таба алатынына сенімдіміз. Саран қаласы мен Ақтас кентінің кітапханаларына жаңа кітаптарды оқуға шақырамыз! Кітапханалар келесі мекен-жай бойынша орналасқан: Орталық қалалық кітапхана, Саран қ., Ленин даңғылы 1, №1 Отбасылық оқу кітапханасы, Саран қ., Московская көш. 5, №2 Отбасылық оқу кітапханасы, Ақтас кенті, Қржижановского көш, АМСО, №3 кітапхана-бөлімшесі, Саран қ. 1а ықшам аудан 4 ұй, 106 пәтер, №4 кітапхана-бөлімшесі, Саран қ. Ушакова көш. 8/1.

«ВЕЛИКИЕ БАТЫРЫ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ»

К 330- ЛЕТИЮ АБУЛХАИРА ХАНА И 800- ЛЕТИЮ БЕЙБАРС СУЛТАНА

О. Лаухина,
библиотекарь

Батыры – гордость казахского народа. Они с честью защищали родную землю и готовы были отдать жизнь за свой народ. Каждый батыр и его подвиги достойны памяти потомков, ведь настоящий батыр – сын степей, защитник Родины. Это тот, кто готов отдать жизнь за свой народ. Изучение жизни и деятельности великих людей приобретает особое значение в том случае, если эти люди не только вершили историю, но и являлись носителями и проводниками культурных ценностей, нравственных принципов и традиций данного общества.



Одним из них является хан Младшего жуза Абулхаир, прямой потомок Чингисхана. Абулхаир родился в 1693 году, его детство прошло в условиях, когда Казахское ханство подвергалось нападению со стороны Джунгарии. С юных лет Абулхаир активно участвовал в военных походах. В 17-летнем возрасте он стал одним из военных предводителей казахского ополчения, общее руководство над которым осуществлял батыр Богембай. Абулхаир участвовал в обороне Ташкента, Туркестана и Сайрама, которыми владели его предки. В 1718 году его избрали ханом Младшего жуза. Во главе 30-тысячного войска он выступил против джунгар и дал сражение на реке Аягуз. Несмотря на молодость, Абулхаир прославился личной отвагой, воинским мастерством и умением организатора. Не случайно в 1726 году на съезде казахов всех трех жузов в Ордабасы султаны, бии и батыры единодушно избрали его верховным главнокомандующим войском Казахского ханства. Под его руководством объединенные вооруженные силы казахов дважды разбили джунгар.

В нем сочетались и искусство полководца, и талант дипломата. Оставаясь представителем своей эпохи, он является одним из ярких образцов, существовавших в то время нравов и обычаев, понятий о достоинстве аристократа в неписаном кодексе чести правителя - чингизида. В Казахстане не существует более уважаемой исторической личности, чем Абулхаир-хан.

Много веков назад, свободно пересекая казахские просторы вдоль и поперек с востока на запад и с севера на юг кочевали племена. Они обетали в теплых песках, как в нежных ладонях Матери-Земли. Это были люди непреклонные перед своими врагами и верные своим друзьям, сросшиеся с родной природой, пасшие скот в лютые морозы и летний зной, и назывались они кочевниками.

Бейбарс султан - один из потомков богатого рода знаменитого кочевого племени Берыш, сын кыпчаков, легендарный полководец и египетский правитель, чье имя превратилось в легенду. Султан Бейбарс – личность уникальная, один из самых ярких полководцев мусульманского мира, который стал султаном не в своей, а в чужой стране. Он вел миротворческую политику и старался наладить дипломатические отношения с соседними государствами. При нем строились мечети и медресе, развивалась культура. В истории Египта открылась новая страница. Внутренние конфликты прекратились. Бывший раб, родившийся в Половецкой степи, установил личную власть в самом могущественном государстве Ближнего Востока, где мир воцарился на 17 лет, и уже никто не смел бросить ему вызов. При жизни его называли отцом побед. Бейбарс сумел проявить высокие качества, присущие тюркам, будучи вдали от родины Он много значит для народа Казахстана, потому что является выходцем из нашей степи.

Во времена его правления активно шло строительство каналов и портов, налаживалась торговля, развивались города. Он вошел в историю как великодушный политик и правитель, живший вдали от родины, на чужбине правил страной и прославлял кыпчаков. Он высоко поднял дух кочевников, показав миру их силу. Его дела должны быть примером для подрастающего поколения. Для казахов Бейбарс является национальной гордостью, они почитают его как своего эпического героя. В честь него были воздвигнуты памятники, снят художественный фильм. Находящаяся в Каире мечеть Бейбарса и его мавзолей в Сирии реконструированы правительством Казахстана

Имена таких знаменитых личностей как Абулхаир хан и Бейбарс султан останутся в памяти людей благодаря письменным источникам, таким как: «Кумеков Б. Султан Бейбарыс», сборников «Тарихы тұлғалар», «Исторические личности», «Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик» и др, где можно окупнуться в мир истории и вспомнить имена великих воинов казахской земли.

ПЕРВЫЙ КАНАЛ	21.00 Т/с "НАЙДУ ПАРУ ЛЮБИМОМУ".	31 КАНАЛ	09.00, 21.00 Т/с "Осман".	ВОСКРЕСЕНЬЕ 23 июля	
06.00, 03.15 "ТОЙ БАЗАР".	01.10 Х/ф "ГЛАМУР ДЛЯ ДУР".	06.00 Әзілстудия.	10.00 Т/с "Позднее раскаяние".	17.00 "Мир православной духовности".	КАЗАХСТАН
07.45, 02.30 "П@УТИНА".	02.35 "БЫЛО ДЕЛО".	06.10 Х/ф "Танцор диско".	13.20 "Алдараспан".	08.00 Концерт. "Туған ел".	
08.45 "ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ".	04.10 "САҒЫНДЫМ АНАШЫМ".	09.00 "TeleBingo".	17.10 Х/ф "Многолетний".	10.00 Х/ф "Век Адалин".	06.05, 04.10 "Жәдігер".
08.55 "ПОЕХАЛИ!".	НТК	09.25 Готовим с Адель.	19.00 "АЦЫ ШЫНДЫҚ".	12.00 М/ф.	06.30, 03.30 "Күміс көмей".
09.45 "ПОВАРА НА КОЛЕСАХ".	07.00, 03.30 "Бүлдір-күлдір".	10.00 "Теннис-шоу".	21.55 Т/с "Лакшми".	13.30 "Балақай".	06.50 Д/ф "Дәуір даналары".
10.45 Т/с "ПАРФЮМЕРША".	07.40, 04.00 "Екі езу".	10.20 Д/ф "Эврика".	00.00 "Жұлдызбысың?"	14.15 "Әрекет".	07.35 "Ақорда".
14.45 Т/с "СЛЕДЫ В ПРОШЛОЕ".	08.10 "ДОСТЫҚ 99".	11.00 М/с.	01.10 "Астана кеші көнілді".	14.45 "Covershow".	07.45 "Зинһар".
18.50 Х/ф "ВОДИТЕЛЬ ДЛЯ ВЕРЫ".	09.10 М/ф "ЕЖИК БОББИ: КОЛЮЧИЕ ПРИКЛЮЧЕНИЯ".	11.30 Х/ф "Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек".	5 КАНАЛ	16.30 Т/с "Шашу".	08.35, 03.10 "Ақсауыт".
21.00 Т/с "ДОЧКИ".	11.00 М/ф "АИСТЫ".	13.30 Х/ф "Облачно... 2: Месь ГМО".	10.00, 20.00 Ауа райы болжамы. Прогноз погоды.	17.30 Т/с "Тракторшының махаббаты".	09.00, 21.10 "Көңіл топқыны".
01.05 Т/с "ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ОХОТЫ В ЗИМНИЙ ПЕРИОД".	13.00 Х/ф "ТРАНСФОРМЕРЫ: ПОСЛЕДНИЙ РЫЦАРЬ".	15.35 Х/ф "Путешествия Гулливера".	10.05 "Моя Караганда".	19.30 "Jur-jubymen".	08.35, 03.10 "Ақсауыт".
КТК	16.20 Х/ф "ТЕПЛО НАШИХ ТЕЛ".	17.35 Х/ф "Сокровище нации".	10.20, 22.05 "Жақсылардан гибрат".	21.00 Х/ф "Американский палач".	09.00, 21.10 "Көңіл топқыны".
07.05, 03.20 "ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ".	18.40 Х/ф "ВОЙНА МИРОВ Z".	20.25 Х/ф "Сокровище нации 2".	10.45, 11.20, 13.50, 18.00, 22.25, 01.20 Д/ф.	23.00 "Төрлетіңіз".	10.00 Т/с "Жазықсыз жүрек".
07.50 "ШАНШАР".	20.50 Х/ф "ТЕРМИНАТОР: ДА ПРИДЁТ СПАСИТЕЛЬ".	23.15 "Алдараспан".	11.05 "Ерлер ел ішінде".	00.00 "Әсемәндер".	12.00 М/ф.
09.30 "СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ".	23.00 Х/ф "МОХАВЕ".	01.40 Тамаша live.	11.45 "МультиУтро".	СЕДЬМОЙ КАНАЛ	13.10 Жігер Ауыпбаевтың концерті.
10.40 Т/с "ФОРМУЛА СЧАСТЬЯ".	01.20 "Қызық Live".	02.00, 05.30 What's up?	12.00, 16.30 Ретро-показ.	06.00, 04.30 "Қуырдақ".	15.30 Х/ф "Көкжалдар".
15.00 Т/с "ӨТКЕН КҮНДЕР".	02.00 "ТАВОО".	02.20, 04.20 "31 әзіл".	12.45, 16.10 "За порогом".	06.50 "Жұлдыздың жары".	17.10 "Бірегей".
18.00 "САҒЫНДЫМ АНАШЫМ".		03.10 Әзіл студия.	13.00 "Соседи по планете".	07.20 Salem Qazaqstan.	18.00 Т/с "ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК".
		03.40 Ризамын.	13.30 "Баршаға қатысты бар".	09.00 "Юморина".	20.00 "ДАРА".
		АСТАНА	15.00 "Аңызды жоққа шығару".	12.00, 20.40 Т/с.	22.30 Т/с "БАУЫРЛАР".
		06.00 Т/с "Ене".	15.15 "Қарағанды спортының 100 есімі".	16.30 Т/с "Черная вдова".	23.25 Т/с "Күйеу бала".
		06.25 Т/с "Кішкентай келін".		00.50 Jaidarman.	02.15 Т/с "Күйеу бала - 2".
		07.20 М/ф.		01.50 "Келесі кім?".	
				02.20 Т/с "Япырай".	
				02.50 "Жеңіп көр".	
				ХАБАР	
				05.00 "Кел, шырқайық".	
				07.00 "Кім мықты?".	

РЕДАКЦИЯ ГАЗЕТЫ НЕ НЕСЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ИЗМЕНЕНИЯ В ПРОГРАММЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ

БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ 5 АЙДАҒЫ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ – 493,4 МЛРД ТЕНҒЕ



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

2023 жылғы қаңтар-мамыр аралығында БЖЗҚ салымшыларының шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс 493,4 млрд тенге жетті. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік соңғы 12 айда 11,56% көрсетті.

Инвестициялық кіріс бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. жинақталады. ҚРҰБ және инвестициялық портфельді (ИПБ) басқарушылар инвестициялық кіріс алу мақсатында зейнетақы активтерін ҚР және шетелдік экономиканың сан алуан секторларының сенімді қаржы құралдарына түрлі валюталарда орналастырады. Осындай әртараптандыру есебінен тұрақты инвестициялық кірістілік қамтамасыз етіледі. ҚР ҰБ қаржы құралдары бөлінісіндегі БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі құрылымының 29% – АҚШ долларымен, 71% – ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарының еншісінде.

Зейнетақы жинақтары – ұзақ мерзімді инвестиция. Сәйкесінше, инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде 1 (бір) жыл кезеңіне талдаған жөн. Қысқа мерзімді деректер (күнделікті, айлық және т.б.) көрсеткіш

бола алмайды, өйткені, олар күнделікті нарықтық жағдайға тәуелді.

Барлық кезең ішінде жинақталған инвестициялық кірістілік жинақталған инфляция 715,41% болғанда, өскелең жиынтықпен 759,72% көрсетті. Демек, ұзақ мерзімді перспективада жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекет тарапынан бірегей кепілдік бар. Төлем құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңдер ішіндегі кірістіліктің төмендеуі үшін айырманың өтелуіне де мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық: әрбір салымшы enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетінде немесе ұялы қосымшада өзінің инвестициялық табысын көре алады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген қызықты және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбатын БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасынан көре аласыздар.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ ЗА 5 МЕСЯЦЕВ С НАЧАЛА ГОДА СОСТАВИЛ 493,4 МЛРД ТЕНҒЕ



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Чистый инвестиционный доход, начисленный на счета вкладчиков ЕНПФ за период с января по май 2023 года, составил 493,4 млрд тенге. Доходность по пенсионным активам ЕНПФ под управлением Национального Банка Республики Казахстан (НБРК) за последние 12 месяцев составила 11,56%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по ценным бумагам (вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. НБРК и управляющие инвестиционным портфелем (УИП), в целях получения инвестиционного дохода размещают пенсионные активы в надежные финансовые инструменты разных секторов экономики в различных валютах в РК и за рубежом. За счет такой диверсификации обеспечивается устойчивая инвестиционная доходность. В структуре инвестиционного портфеля пенсионных активов ЕНПФ в разрезе финансовых инструментов НБРК 29% составляют финансовые инструменты, номинированные в долларах США, 71% – в национальной валюте.

Обращаем внимание, что пенсионные накопления – это долгосрочные инвестиции и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее 1 (одного) года. Краткосрочные данные (ежедневные, ежемесячные и т.д.) не являются показательными, т.к. зависят от ежедневной рыночной конъюнктуры.

Накопленная инвестиционная доходность за весь период с нарастающим итогом составила 759,72%, накопленная инфляция составила 715,41%. Следовательно, накопленный инвестиционный доход в долгосрочном периоде превышает инфляцию.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. Даже при снижении доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели / Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, - на YouTube-канале БЖЗҚ/ЕНПФ.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ПРОДОЛЖАЕТСЯ ПОДПИСКА

ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:
 ГОДОВАЯ - 3600 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 1800 ТГ.
 ТРИ МЕСЯЦА - 900 ТГ.

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:
 ГОДОВАЯ - 2650 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 1325 ТГ.
 ТРИ МЕСЯЦА - 662 ТГ.

ЮРИДИЧЕСКАЯ:
 ГОДОВАЯ - 5818,88 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 2909,44 ТГ.

БУДЬТЕ В КУРСЕ ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!



КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 03.07.2023 года открылось наследственное дело после умершего 07.03.2023 года Петренко Алексея Ивановича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 07.09.2023 года.

Лицензия № 16002610 от 11.02.2016 года Министерства юстиции РК



ANTIKOR

Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба)

ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ, ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ

CALL-ЦЕНТР **1424** ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ
 #НЕДАВАЙВЗЯТКИ #ПАРАБЕРМЕ

**АДАМ САТУДАН
 САҚТАНЫҢЫЗ**

**ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ
 ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ**

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАҚА
 ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА
 ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА
 ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ
 БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН
 ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ
 КОНСУЛЬТАЦИЮ
 ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО
 ВЫЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА
 ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ
 КАЗАХСТАНА!

11616
 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ



11616
 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

*РЕКЛАМА*ОБЪЯВЛЕНИЯ*

УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ

РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.

* СДАЕТСЯ * * СДАЕТСЯ *

В аренду коммерческое помещение. Общая площадь - 500 кв. м. Адрес: ул. Абая, 18. Т.: 8-701-377-35-53

* ТРЕБУЕТСЯ * * ТРЕБУЕТСЯ *

На предприятие требуются: менеджер по стандартизации и сертификации, контролер ОТК, сборщики РТИ, прессовщики, вальцовщики, операторы плазменной резки, электрогазосварщики, электрики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия. Зароботная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет. Обращаться: г.Сарань, ул. Чкалова 2/4 (возле сауны «Эдем»), по телефону 5-21-71, 87026552338.

В Саранский высший гуманитарно-технический колледж им. Абая Кунанбаева требуются следующие сотрудники: водитель категории В, С - 1 ставка, техника - 3 ставки, лаборант - 1 ставка. Т.: 5-11-81.

В ТОО «Sunpareg» требуются: укладчик-упаковщик, оператор, уборщица, грузчик, водитель погрузчика, экспедитор, помощник учетчика. Звонить по номеру: 8-775-282-90-18.

На предприятие требуется инженер по производству. В обязанности входит: материальные списания, расчёт себестоимости, закуп материалов, контроль готовой продукции, контроль подготовительной цеха. Зароботная плата выплачивается своевременно + полный соц.пакет. Обращаться: г. Сарань, ул. Чкалова 2/4 (возле сауны «Эдем») 87026552338.

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирина.

Предлагаю профессиональный ремонт импл. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

Все виды ремонта квартир, электрик-сантехник-плотник. Т.: 8-771-372-56-88, 8-702-359-46-02.

olymp_stroy_09

СТРОИТЕЛЬНЫЕ УСЛУГИ:

- ПЕРЕКРЫТИЕ КРОВЛИ
- ОТДЕЛКА ФАСАДА
- СВАРОЧНЫЕ РАБОТЫ
- ЗАБОРЫ, ВОРОТА, РЕШЕТКИ
- УСЛУГИ ЛИСТОГИБА
- МЕТАЛЛОЧЕРЕПИЦА
- САЙДИНГ, УТЕПЛИТЕЛЬ
- ВОДОСТОЧНАЯ СИСТЕМА
- КОВАННЫЕ УЗОРЫ
- ПРОФИЛИСТ И многие другие
- ОТКАТНЫЕ ВОРОТА
- МЕХАНИЗМ ОТКАТНЫХ ВОРОТ
- ПЛИТНИК - ПРИРОДНЫЙ КАМЕНЬ
- КИРПИЧ, ОНДУЛИН
- ПЛАСТИКОВЫЙ САЙДИНГ

Г. Сарань Сакеца Сейфуллин Естр 103/2 Тел 87087552653 Эдуард
 Марровка Линейная 25 Тел 87009884710 Кирилл

ДОМА

Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

3-КОМНАТНЫЕ

3-к кв. старого типа, р/н Мечети. Т.: 8-701-641-11-14.

Трехкомнатная квартира на 28 квартале по ул.Абая. Удобное расположение, рядом детский сад, школа, супермаркет. Квартира не угловая. Этаж 5/5, с водой проблем нет, отопление хорошее. Балкон застекленный, с наружи обшит сайдингом. Частично с мебелью. Цена 15 000 000, торг уместен. Обращаться по номерам: 87016662010, 87054931296.

3-к кв. Т.: 8-702-170-52-15, 8-747-401-39-66

2-КОМНАТНЫЕ

2-к кв. на проспекте. Очень теплая. Т.: 8-701-387-07-93.

2-к кв. по ул. Абая, 21. 1 этаж. Т.: 8-701-184-85-33.

2-к кв., 1«а», д. 8. 5 этаж, частично меблированная. Т.: 8-777-132-73-74.

Продается 2-к кв, 1а-2, частично с мебелью, 2 этаж, за 12 млн. 800 тыс, 8 млн. сразу, 4 млн. 800 тыс. в рассрочку на 2 года Т.: +7 702 064 70 56

2-к кв, светлая, теплая, 3 этаж. Т.: 8-705-578-77-57

МЕСТО ВАШЕЙ РЕКЛАМЫ

РАЗНОЕ

Продается земельный участок 20 соток, п. Актас. Т.: 8-701-184-85-33.

Велосипед-БМХ, шифоньер угловой, кровать с матрасом. Т.: 8-702-170-52-15, 8-747-401-39-66

Новые сапоги для рыбалки, охоты. Размер 46-47. Цена 10 000 тг. Т.: 8-775-945-23-23

Угловой диван и кресло. В хорошем состоянии, подлокотники требует перетяжки. Цена 160 000 тг. Т.: 87759452323

* МЕНЯЮ *

4-к особняк в начале Самозастройки. Центральная канализация, гараж, 7 соток на 2-к кв. с доплатой или 3-к кв. Т.: 8-775-320-87-19.

Особняк в центре города на 1 и 2-х комнатные квартиры. Т.: 8-702-403-04-43, 7-42-45.

* КУПЛЮ *

Монеты, значки, открытки и банкноты СССР, не ходовые (старого образца) банкноты тенге. Т.: 8-701-715-60-49.

Фарфоровые статуэтки, игрушки и «сувенирные» машинки СССР. Т.: 8-776-134-52-30.



БУДЬТЕ В КУРСЕ ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!

Место вашей рекламы

ҚҰРМЕТТІ ПЕДАГОГТЕР!

Қарағанды облысы білім басқармасының «Саран қаласының білім бөлімі» ММ 2023 жылғы 26 шілдеде «Үздік педагог» республикалық конкурсының қалалық кезеңі өтетінін хабарлайды.

«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес, «Үздік педагог» атағын беру конкурсына меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына

қарамастан білім беру ұйымдарының штаттағы педагогтері және Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады. Конкурсқа қатысушылар құжаттарын (материалдар) Министрліктің ақпараттық жүйесіне 2023 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімде жүктейді.

Конкурсқа қатысып, біліктілігіңізді арттырыңыз!

Анықтама телефоны: 5-06-01

УВАЖАЕМЫЕ ПЕДАГОГИ!

ГУ «Отдел образования города Сарани» управления образования Карагандинской области объявляет о прохождении 26 июля 2023 года городского этапа Республиканского конкурса «Лучший педагог».

Согласно Правилам присвоения звания «Лучший педагог», утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 января 2015 года № 12 в Конкурсе могут принять участие педагоги организаций образования независимо от форм собственности

и ведомственной подчиненности, являющиеся штатными педагогами организаций образования и имеющие непрерывный педагогический стаж не менее пяти лет на момент предоставления документов. Документы (материалы) загружаются в информационную систему Министерства участниками Конкурса в сроки до 25 июля 2023 года.

Участвуйте в конкурсе и повышайте свою квалификацию! Телефон для справок: 5-06-01

ҚҰТЫРМА



«Саран қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ

Құтырма - вирустық сипаттағы ең қауіпті жұқпалы аурулардың бірі, жүйке жүйесінің ауыр зақымдануына немесе науқастың өліміне әкеледі.

Құтырма инфекциясының жұқпа көзі-жабайы жануарлар, қаңғыбас иттер мен мысықтар және үй жануарлары.

Тері астында пайда болған құтырма вирусы орталық және перифериялық жүйке жүйелеріне тез жетеді. Аурудың таралу жылдамдығы жараның орналасуына байланысты (тістеу орны

неғұрлым жоғары болса, инфекция соғұрлым тез болады), жараның тереңдігі мен мөлшері, сондай-ақ жүйке жүйесінің осы қоздырғышқа сезімталдығына байланысты.

Егер сізді жануар тістеп алса не істеу керек?

Сіз дереу тұрғылықты жеріңіздегі ең жақын травматологиялық пунктке баруыңыз керек, өйткені құтырманың алдын алу үшін жасалған вакцинаның тиімділігі тезірек дәрігерге баруыңызға байланысты. Әрі қарай, сіз имундау схемасына сәйкес құтыруға қарсы вакцинацияның толық курсы алуыңыз керек. Антибиотикалық вакцинация құтырудың алдын алудың жалғыз құралы болып табылады.

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Большое спасибо за ваши письма и комментарии, которые поступают в нашу редакционную почту. Радует, что вы реагируете на все изменения, которые происходят в различных сферах жизнедеятельности нашего города.

На страницах городского еженедельника мы открыли рубрику «Неотложка», где будем размещать ваши обращения, предложения и пожелания. Надеемся на вашу активность и внимание, а мы в свою очередь постараемся оперативно реагировать на все вопросы, которые будут заданы не только в ваших письмах, но и в наших профилях в социальных сетях.

Напоминаем, что свои предложения и актуальные вопросы, касающиеся благоустройства и санитарной очистки нашего города, социальной и культурной сферы, образования и здравоохранения и т.д., вы можете направлять по адресу: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 или на электронную почту: sarangazeti@mail.ru.

Кроме того, приглашаем вас присоединиться к нам в социальных сетях. Читайте нас в аккаунтах Instagram и Facebook. Наш профиль: @sarangazeti, @sarangazetikaz. Будьте в курсе всех новостей!



Магазин детской одежды «Мамакупи»

Качественные и оригинальные вещи по доступным ценам - от 1 года и старше.

Наш адрес:
г.Сарань, ул. Ленина, дом 7 (бывшее кафе "Эгида")

Instagram: [mamakupi_krg](https://www.instagram.com/mamakupi_krg)

График работы магазина:

Ежедневно с 10-00 до 19-00;
Без обеда и выходных.

В дружную команду CITY MARKET требуются: Продавцы-консультанты, кассиры
График работы 2/2 с 09.00-23.00 час
Заработная плата от 105 000 тг
Развозка из г.Караганды в г.Сарань есть
Мы находимся по адресу: г.Караганда, ул.Ержанова, 34/1 ЖК GREEN CITY PARK 1 башня супермаркет CITY MARKET
По интересующим вопросам звонить по тел: +7(705)763-36-14

ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:
ГODOВАЯ - 3600 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 1800 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 900 ТГ.

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:
ГODOВАЯ - 2650 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 1325 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 662 ТГ.

ЮРИДИЧЕСКАЯ:
ГODOВАЯ - 5818,88 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 2909,44 ТГ.



ПОДАВАЙТЕ ОБЪЯВЛЕНИЯ НЕ ВЫХОДЯ ИЗ ДОМА!

+7 775 945 23 23
ПН-ПТ С 9.00 ДО 18.00 ЧАСОВ

РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

На LED экране



Саран газеті

И.о. директора ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА
Отв. секретарь Ш.Ш. КОШЕГУЛОВ

Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первоначальной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник: ТОО «Саран тынысы»
Учредитель: аппарат акима г. Сарани

Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1
Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru

Выходит два раза в неделю, форматом А-3 Тираж 1100

Газета набрана и сверстана в редакции
Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО «Типография "Арко" 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева, 15
Печать офсетная. Заказ № 56

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.